



Ұлы Жеңіс күні ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Құттықтау!

УВАЖАЕМЫЙ ЖЫЛЫСБАЕВ МЫРЗАХМЕТ!

Примите сердечные поздравления по случаю 80-й годовщины Победы в Великой Отечественной войне!

Этот праздник со слезами на глазах-главный для народов наших стран, священный для каждой семьи.

Низкий поклон за Ваш бессмертный подвиг!

Ваш героизм, самоотверженность и не-вероятной силы любовь к Родине всегда будут для нас образцом нравственности, патриотизма и силы духа. От всей души желаю Вам здоровья и всего самого доб-рого и светлого!

А.БОРОДАВКИН,
Посол России в Казахстане.



Құттықтаулар!

Батырлық пен ерліктің ұлық мерекелері!

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 7 мамыр-Отан қорғаушылар күнімен және 9 ма-мыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтай-мыз! Бұл – халқымыздың батырлық пен ерліктің, елдік пен бірліктің айқын көрінісін бейнелейтін қос бірдей ұлы мереке.

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні-еліміздің Тәуелсіздігін, бейбіт тіршілігін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылған күні. Бұл – елдің ты-ныштығы мен халқымыздың амандығын қас қақпай күзетіп тұрған сарбаздар мен сардарларға, ардагер әскерилерге де-ген шексіз құрметтің белгісі. Тәуелсіз Қазақстанның әрбір жауынгері-Туымыздың тұғырлы, шекарамыздың берік, еліміздің еңселі болуына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан ер азаматтарымыз.

9 мамыр-Ұлы Жеңіс күні-күллі адамзат тарихындағы ең ауыр соғыста жеңіске жеткен күн. Бұл- қасіретті жылдарды еске алып, майдан даласында шейіт болған аталарымыз-дың, тылда қажырмен еңбек еткен аналарымыз бен Отан үшін от кешкен ерлерді ардақтайтын күн. Біз бүгінгі бейбіт өміріміз үшін сол Ұлы Жеңіске үлес қосқан батырларымызға мәңгілік қарыздармыз. Қазақ халқы да бұл соғыста өз үлесін қосты- миллионнан астам қазақстандық майданға аттанып, олардың жартысына жуығы оралмады. Олардың ерлігі-шпес шежіре, мәңгілік мұра. Осы қос мереке-батырлықтың, ержүректіліктің, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың нышаны.

Қадірлі жерлестер!

Егемен еліміздің бүгінгі мен ертеңі үшін аянбай еңбек етіп жүрген баршаңызға амандық, денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз. Жастарымыздың жүрегінде елдік пен отансүйгіштік рухы ешқашан сөнбесін! Ел іргесі аман, көк байрағымыз мәңгі желбіресін!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.

О.ЖӘМИЕВ,
аудандық маслихат төрағасы.

Құрметті Ұлы Отан соғысының және тыл ардагерлері, оларға теңестірілген қариялар мен әжелер!

Сіздерді Ұлы Отан соғысының 80 жыл толу мерекесімен аудандық ардагерлер кеңесі атынан құттықтаймын!

Бұл Жеңіс оңайлықпен келмегені бәрімізге белгілі. Жан алып, жан беріскен шайқаста Қазақстаннан 1,5 миллион адам аттанса, соның ширегі ғана елге оралды. Біздің аудан-нан Ұлы Отан соғысына 4886 адам аттанса, оның 886-сы аман-есен қайтып келсе, 4000 адам қайтыс болды немесе із-түзсіз кетті. Барлық Қазақстандықтар сияқты, ата-бабалар-дың, ерлік дәстүрлеріне адалдық таныта отырып, ерліктің өнегесін көрсете білді. Ауылда қалған әрбір тыл еңбеккер-лері, жас балалардан бастап қарттарға дейін Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосты. Сол кездегі тыл ардагерлерінен ау-данымызда 134-ғана ортамызда жүр. Олардың ең жасы қазір 87-де болса, 90 жастан асқан 35 ардагеріміз бар. Түркістан облысы бойынша көзі тірі 8 ардагеріміз қалса, со-ның бірі, бірегейі Сызған ауылында өмір сүріп жатқан, 99-100-ге келген Жылысбаев Мырзахмет ағамыз.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Ке-мелұлының тапсырмасына сәйкес, облыс, аудан әкімдері та-рапынан Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл ардагерлері және оларға теңестірілгендерді қолдау мақсатында жергілік-ті бюджеттен және демеушілердің көмегімен қаражаттай көмектер көрсетілуде.

Қарияларымыз аман-сау болып, жастарымыз өсіп-өркен-дей берсін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Қ.ЕСПЕНБЕТОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.



Құрметті Мырзахмет Жылысбаев!

Сізді, Созақ аудандық ар-дагерлер кеңесі, 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығымен және мерейлі де мерекелі жас 100-жасқа қадам басқан торқалы тойыңызбен құт-тықтайды!

Біздің ауданнан сол жыл-дары соғысқа аттанған 4886 жауынгердің бірі болып ба-рып, Беларусь және Украин жерлерін неміс-фашист бас-қыншыларынан азат ету майданына қатысып, Отан-ды қорғауда үлкен ерлік көрсетіп, елге аман-есен оралдыңыз. Соғыстан кейін тағы бірнеше жыл әскери борышыңызды өтеп елге кеш қайттыңыз. Майданнан

келісімен өзіңіздің сүйікті ісіңіз мұғалім болып орнала-сып, өміріңізді шәкірт тәрби-елеуге, мектептерді басқа-руға арнадыңыз. Өзіңіз айт-қандай Отанды қорғап, оған адал еңбек ету адамды құрмет пен даңққа бөлейді. Бұл зұлмат соғыстың отын өшіріп, балаларымызға бей-біт өмір сыйлағанымыз үшін өзімді бақытты сезінемін де-ген қариялық сөзіңіз жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Шынын-да да сіз бақыттысыз. Отан қорғаудағы ерліктеріңіз бен бейбіт еңбекте атқарған жұ-мыстарыңыз үшін абырой-атаққа, құрметке бөлендіңіз, мемлекеттің және білім са-ласының бірнеше марапа-

тына ие болдыңыз. Аудан ардагерлері ұйымында ес-епте тұратын 6511 зейнет-кер ардагерлер арасындағы жасы ең үлкен, елге айта жүретіндей еңбегіңіз сіңген, қазыналы да, абыз ақсақа-лымыз екендігіңізге мақта-намыз.

Құрметті Мырзеке!

Сізді тағы да мерей-тойыңызбен құттықтай оты-рып, өзіңізге денсаулық, от-басыңызға амандық, бала-ларыңызға, немере-шөбере-леріңізге бақ-береке тілей-мін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Қ.ЕСПЕНБЕТОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қоғамдық кеңесте

Жуырда аудан әкімдігінің төменгі мәжіліс залында Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Кеңес мүшелері отырысын Созақ аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы ашып, жүргізіп отырды. Қоғамдық Кеңес отырысына ҚР «Қоғамдық Кеңес туралы» заңының 7-бабының 6-тармағына сәйкес, шақырумен аудан әкімдігінің тиісті бөлім басшылары



ЕЛ ИГІЛІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

және БАҚ өкілдері қатысып отырды. Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде төмендегіше мәселелер қаралды. Ол аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысы Бекзат Мыңжасаровтың, «Қазсу-шар» РМК ТФ Созақ өндірістік бөлім басшысы Қ.Тастыбаевтың, Түркістан облысы «Созақ аудандық мансап орталығы» басшысы А.Көбеновтің және «Түркістан облысы әкімдігінің ауылшаруашылық басқармасының «Ветеринария

қызметі» шаруашылық жүргізу құқығындағы КММ Созақ ауданының филиалы» мекемесінің басшысы Сұлтан Алпамысұлының атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды. Отырыс барысында кеңес төрағасы Мұрат Сапаров, кеңес мүшелері Айдархан Нысанбаев, Талғат Жұмақов, Біржан Саржан, Мырзахан Назаров, Есен Оспанов, Ибаділда Лақбай есеп беруші мекеме басшысы мен бөлім басшыларына су мәселесі, кенеге қарсы күрес, каналдарды тазалау және тағы басқа да

елдің көкейлерінде жүрген сауалдарына жауап алды. Сонымен қатар, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді. Кейбір кемшін тұстарды ауыл, кент әкімдері мен бөлім басшыларының назарына салу үшін, тез арада түзетуін назарға алды. Мекеме басшысының есебін тыңдау барысында атқарған жұмыстары негізінде Қоғамдық кеңестің отырысын кеңес төрағасы М.Сапаров қорытындылап тиісінше қарар қабылдады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ұлт бірлігінің негізі-ұлттық тарих



Өткен аптада «Ұлт бірлігінің негізі-ұлттық тарих» атты республикалық дөңгелек стол болып өтті. Қонақтар алдымен аудан орталығындағы Сұлтанбек Қожанов атындағы өлке тану музейінде болып көне жәдігерлермен танысты, одан кейін аудандық орталық кітапхананы аралап көріп шықты. Негізгі дөңгелек үстел Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдарының ұйымдастыруымен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеттің «Ортағасырлық деректану» ғылыми-зерттеу Орталығы, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті мен Қазақстан мен Орталық Азия тарихын зерттеу институты ғалымдарының қатысуымен Созақ жерінде бір топ ғалым тарихшылар бас қосты. Кеш модераторлар ғалымдар Ж.Ж.Жеңіс пен С.Әлібек.

«Мыңжылқы» мәдениет сарайында орналасқан орталық кітапхана ішінде өткен дөңгелек столдың негізгі мақсаттары қазіргі кездегі мемлекетіміздің іргесінің бекіп, ұлттың ұйысуындағы ұлттық-идеологияның қайнар көзі ретінде Қазақстан тарихының күш-қуатын пайдаланудың ғылыми негізін жасау, ұлт тарихын зерттеудегі жаңа, тәуелсіз және алдыңғы қатарлы ғылыми зерттеу әдістемелерін айналымға енгізу жол-

табылады.

Дөңгелек үстел басында Астана қаласынан Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Ортағасырлық деректану» ғылыми-зерттеу Орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор. С.С.Сыздықов, Алматы қаласынан ҚР ҒжЖБМ ФК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Ә.Дәулетхан, Атырау қаласынан Х.Досмұхаммедов атындағы Атырау өңірлік университетінің профессоры, тарих ғ.д. А.Қ.Аққали, Алматы қаласындағы Орталық Мемлекеттік архивтің жетекші ғылыми қызметкері Р.Оразов, ҚР ҒжЖБМ ФК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директорының халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Жеңіс, Қазақстан мен Орталық Азия тарихын зерттеу институты Бас директоры С.Ж.Жұматай, ауданымыздан ақын М.Асқаров, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ә.Иманбеков, ардагер ағаларымыз П.Сақтапбергенұлы, А.Тоқтыбаев, О.Дәулетбаев мырзалар қатысып, өз пікірлерін ортаға салды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сайланған әкімді тіркеу туралы
СОЗАҚ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 46-баптың 3-тармағына 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 2025 жылғы 4 мамырдағы отырысында Шолаққорған ауылдық округінің әкімі ретінде:

1989 жылы туылған, Созақ ауданы Шолаққорған ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясының мүшесі, «АМАНАТ» партиясынан ұсынылған, ұлты қазақ Төлепберген Жәңісәлі Бақытжанұлын тіркеді.

Сайланған әкімге тиісті куәлік табыс етіліп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Құттықтау!

Мерейлі жасыңыз
құтты болсын!

Бар саналы ғұмыры ауданымыздың айнасы саналған «Молшылық үшін», «Теріскей», «Созақ үні» газеттерімен тығыз байланысты «Созақ үні» газетінің Бас редакторы Сәрсенбек Сайлаубекұлы Теңізбаевты туған күнімен әжымдас әріптестері ыстық ықыласпен құттықтаймыз! Мерейлі мереке сәтінде Сәкеңе мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, немере-шөберелерінің қызығын көріп ұзақ жылдар өткен еңбегінің жемісін көруге тілектеспіз!

Ізгі көңілмен: «Созақ үні» газетінің ұжымы.

«Отбасында зорлық-зомбылықсыз
Қазақстан»

Акция аясында

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушылары мен қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, Профилактика жылы аясында «Полиция-Заң мен Тәртіп күзетінде» және республика көлемінде 20 сәуір мен 20 маусым аралығында өтетін «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» акциясы шеңберінде арнайы іс-шара өткізілді.

Іс-шараны мектеп директоры Ә.Сағындықов ашып берді.

Шараға Созақ АПБ ЖПҚБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тобының әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық жөніндегі полиция май-

хологтардың және мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен ҚР ІІМ 2025 жылы 15 сәуірдегі N1-5-5-9-98/1806-4 санымен қолданған нұсқауында Ішкі істер министрлігі жариялаған Құқық бұзушылықтар профилактикасы жылы: «Полиция заң мен тәртіпті күзетінде» шеңберінде 20 сәуір мен 20 маусым аралығында республика аумағында «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты челлендж-флешмоб акциясы өз жалғасын тапты.

Іс-шараны директорының бас-тауыш істер жөніндегі орынбасары Ж.Бекпенбетов ашып берді.



оры Айжан Манапова қатысып, оқушыларға профилактикалық шараның мақсатын түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шараға сондай-ақ аудандық білім бөлімінің әдіскері Ж.Ерденева, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог Ә.Пірінбетова, мектеп психологтары Г.Жұмабаева мен М.Жамалова, мектеп тәлімгері А.Оразбаева және үйірме жетекшісі Б.Джорашева қатысты.

30 сәуір күні Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-пси-

Созақ АПБ ЖПҚБ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының полиция майоры Айжан Манапова оқушыларға іс-шараның мақсатын түсіндіріп өтті.

«Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» бұл елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды бастама. Бұл бастама аясында түрлі іс-шаралар мен бағдарламалар жүзеге асырыла береді.

«Созақ үні»-ақпарат.



рағын көтеріп алады. Тірі адам тіршілігін жасайтын қазақ, ауылға келіп алдымен кеңседе, одан кейін дүкеннің қарауылы болып, зейнетке шыққанша еңбек етіп, отбасын асырады. Тұңғышы Сапарқұл апамыз бауырларын

Жалғыз тұяқтан-бір ауыл...

Қызыл армияның жауынгері, Ұлы Отан соғысының ардагері, батыр жерлесіміз Досымбетов Оқабек Үсенұлы 1913 жылы 20 маусымда Созақ ауданы Құмкент ауылында дүниеге келген. Охабек атамызды еске ала отырып, оның өмірі жайлы қысқаша айтар болсақ, атамыз тағдырдың тәлкегімен әкеден ерте айырылып, алты жасында жартылай жетім қалып, анасы Үрияның тәрбиелеуінде болған. Алайда артынша анасынан айырылған екен. Он жасында тас жетім болып жалғыз қалады. Атадан да жалғыз еді. Халықтың басым көпшілігі бас сауғалап, тамақ іздеп немесе жетектегеннің артынан жегіліп кете берген заман екен. Одан соң ес жиып жігіт болар шағында, яғни, 1931-1933 жылдар арасындағы жаппай қазақ даласында ашаршылық басталады. Қолынан келгендер Қытай, ауған-тәжік тауын асып, келмегендері бас сауғалап туып-өскен жерін тастап бастары ауған жаққа кете берген. Осы жылдарда шамамен 20-22 жастағы атамыз, ел жұртын ата-қонысын тастап, қоныс аударуға тура келген еді. Іле-сапырыла бас сауғалап, күнкөрістің жолын да жүрген сәтте, 14 жастағы Самалық апамызбен оның туған інісі 6-жастағы Айтбай нағашымызды жолықтырған екен. Ол кезде олар да ата-анасынан тас жетім болып, Сыр бойында тумалас ағасы 1896 жылы туылған Әшірбек атамызды сағалап, балық аулап күнелткен екен. Алайда Самалық апамызда осы Құмкент ауылына қарасты Құрттыбұлақ мекенінде дүниеге келген. Заманы аумалы төкпелі кезеңінде Самалық апамыз, атамыз Охабектің етегінен ұстауға сөз байласқан екен. Әшірбек атамыз елдің естияр азаматы ретінде жастарға батасы мен рұқсатын беріпті. Алайда Самалықтың құрсағынан туған алты баласының алтауы да шетінеп кетеді. 1941 жылы құрапыл соғыс басталып, еркек кіндіктің бәрі қару асынып майданға аттанған еді. Оқабек атамызда сол жауынгерлердің ішінде майдан даласына аттанып, қиян-кескі шайқастардың ортасында оқ пен оттың арасында жүреді. Қазіргі Украина майданының жаяу әскер дивизиясы, 14-ші атқыштар батальоны құрамында соғысқа жұмылдырылады. Қызыл әскер ойсырай жеңіліп, кейінге шегінгенде атамыздың батальоны қор-

шауға түсіп, командирлердің бәрі тас талқан қырылған соң, орман ішінде құпиялы жасақталған партизандар жасағына қосылады. Партизан жасағында жүргенде өзімен бірге жүрген қарулас жолдасы көз алдында жау оғынан қаза табады. Орман ішінде астыртын тапсырмалар мен нұсқаулықтарды орындау мақсатында партизандар жасағында бір жылдай болып «ефрейтер» атағын алады. «Қырық жыл қырғын болса да ажалы келген өледі» демекші, көрер жарығы болды ма? 1944 жылы ауылға қан майданнан оқ жарақатымен жараланып ауылға аман есен оралған әкемізді көрген анамыз өмірге екінші рет келгендей қатты қуаныпты. Отбасының сөнген үміті қайта жанып, тіршілік оты қайта тұтаныпты. Алланың қалауымен әкеміз сонау құрапыл соғыстан ұзақ сапардан қайта оралып келгеннен кейін сегізбаланы дүниеге әкелген. Айтуынша, Саматай (Самалық) анамыз өзінің жарлық, әулеттік келіндік парызы ретінде ұрпақ жалғастырушы болатынын сезіне отырып, бар арманы атадан жалғыз қалған жарынан еркек кіндік қалдыру еді. Құрапыл соғыста кеңес солдаттары жеңіске жетіп, құрапыл соғыс 1945 жылы аяқталды. Қираған қалалар ретке келтіріліп, қараусыз қалған зауыттар мен бос қалған ғимараттарды қайта қалпына келтіру жолында еңбек етті. Сонымен қатар, Ордабасы ауданы Шұбарсу ауылында 35 жылдай механизатор, кейін бөлімше бригадирі болып жұмыс атқарады. Өзі айтқандай тойыншылық келіп, қара нанды бейпіл жейтін заман осы соғыстан кейінгі жылдар екен. Ұлы Отан соғысжылдары туралы тірісінде қызықтап құрағымыз келген. Бірақ ол кісі соғыс туралы айтқанды ұнатпаушы еді.

«Еске алатын заман емес, ондай нәрсені білмей өсіңдер, Алла бетін аулақ қылсын!» деп, көзіне жас алып, күрсініп отырушы еді.

Қазағымыз айтқандай «ит тойған жеріне, ер өскен жеріне» демекші тыныш заман орнап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманында, 1959 жылы «Елім, туып өскен жерім» деп туған жері Құмкент ауылына отбасымен қоныс аударып, осындағы ағайынның арасына көшіп келеді. «Ел іші-алтын бесік» дегендей, бірігіп, ауыл-ағайын, көрші-қолаң жабылып, шаңы-

қара, бас көз болып өсті. «Қыз баланы бірінші оқытуым керек еді?» деп, өкініп отыратын. Қалған балдарының бәре жоғарғы білім алды. Әкем осындай құрапыл зұлматты көрсе де Аллаға бір сәтте болсын Аллаға сыйынып, намазға жығылуды тоқтатқан емес. Ол кісі 25 жасынан бастап намаз оқып келеді екен. Зейнет жасына шыққан соң да, ауылда кейінгі ұрпақтарға имандылық жолын, Алланың мейірім шексіз екенін айтудан жалықпай, ауыл имамының көмекшісі болды.

Өмірінің соңына дейін тілін калимаға келтіріп өткен марқұм әкеміз, көз ашқалы зұлматтың, жұт пен аштықтың, суық пен зұлматтың сорын көріп өскен кісі. Ол шүкіршілігін айта отыра 1998 жылы өмірден өтті. Өмірінің соңына дейін артында қалған ұл-қыздарына көрген қиыншылығы туралы бір ауыз тіс жарып айтқан емес. Тек айтатыны «Аллаға шүкір! Аш емеспіз, жейтін тамағымыз бар» деп отыратын. Өйткені өмірден көрген қиындарын соңынан ерген ұрпағы көрмесе деген жалғыз арманы мен мақсаты, тілегі болды.

Әкеміз бен жан жары Нұрбайқызы Самалық апамыздан үш ұл, бес қыз өмірге келіп, Алланың қалауымен сегіз баласынан отыз төрт немере, жүзден аса шөбере, отыз алты шөпшек өмір есігін ашып, жапырағын жайған дарқайтай, үлкен әулетке айналып отыр. Ниетіміз қанша өмірі сындарға салынса да мойымай, жеңе білген, ауызынан шүкіршілігін тастамаған, атадан жалғыз қалып, аман-есен ұрпақты жалғаған әкеміз бен анамыздың рухына жұртшылық алдында ас беріп дастархан жайсақ деген ниетіміз бар. Өзінен кейінгі артына ерен еңбегін, қажылығын, отанға деген сүйіспеншілігін, ағайынға деген бауырмашылдығын, бірлік пен татулыққа шақырған кемел ақыл парасаты бізге қашанда үлгі өнеге болып қалмақ, дейді ұлы, ҚР Ішкі істер саласының ардагері Монтербек Досымбетов. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы күні Оқабек атамыздың ұрпақтары жылдағы дәстүрмен бас қосып берекелі дастархан басында аталары туралы жылы естеліктер мен өрісті әңгімелер айтып, ата рухына бағыштап құран оқып, кездесіп тұрады. «Ігі дәстүр, елге өнеге» деген осы болар.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ағайынды Төрехановтар

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты айналысып жатқан «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтары естеліктерінің топтамасын дайындау және басып шығару» жобасы бойынша ғылыми-іздістелу жұмыстары барысында XX ғасырдың бірінші жартысында нәубетпен бетпе-бет келген талай тағдырмен танысудың сәті түсті. Аталған ғылыми жоба аясында киелі Түркістан жеріне де ат басын бұрып, өңірдегі жергілікті тарихшылармен, көнекөз қариялармен кездесіп, ашаршылық, Созақ көтерілісіне қаты-

дағы онжылдық мектепке тапсырады.

Тұрсын Төрехановтың өкіл ұлы Мәлібек бұл мектепте болашақ жазушы Кемел Тоқаевпен бір сыныпта оқиды. Кемел Тоқаевтан басқа сыныпта белгілі археолог-ғалым Бауыржан Байтанаевтың әкесінің інісі Амантай Байтанаев та оқыған. Амантайдың ағасы Әбіш Байтанаев осы сыныпқа сабақ берді. Бір сыныпта оқыған 25 баланың барлығы мектепті бітірген соң Отан қорғауға майданға аттанады.

Жуырда Мәлібек Төрехановтың жатқан жері араға 83 жыл салып анықталды. Мәлібек Баймұратұлы Шымкент



сты аласапыран заманның куәгерлерінің ұрпақтарымен сұхбаттасқан едік.

Түркістан облысы Созақ ауданының тумасы, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты бас директорының халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Жомарт Жеңіс қилы заман кезіндегі өз отбасына қатысты әңгіменің ұшын шығарып, өзінің нағашысы, майдангер Тұрсын Төрехановтың өмірі туралы отбасылық жазбалармен, құжаттарымен бөлісті.

Ауданда халық ағарту саласында мектепте сабақ бере алатын арнайы білімі бар мамандардың тапшылығынан 16 жастағы Тұрсын Төреханов өзі туып-өскен Қозмолдақ ұжымшарындағы бастауыш мектепте ұстаздық еңбек жолын бастап, қызметін 1931-1932 жылдары Сызғандағы бастауыш мектепте мұғалім болып жалғастырады.

Ашаршылық жылдары Созақтағы жетімдер үйін панаалап аман қалған Тұрсын Төрехановтың қамқорлығын көрген балалардың бірі Мәлібек Төреханов еді. Созақтағы Күмісті мен Көктебенің арасындағы сүрлеу жолдың бойында аштықтан ажал құшқан кісінің жанында «аталап» жылап отырған сегіз жасар баланы тауып алған бір жолаушы оны Созақтағы Тұрсын басшылық ететін балалар үйіне әкеледі. Ол елгезек, білімге құмар Мәлібекті өзінің тегіне жаздырып, туған баласындай бауырына басады. Кейін аштықтың беті қайтып, бала Мәлібек ес жиып, оң-солын танығанда, Қаратаудан жақындары іздеп келіп, алып қайтуға ниет білдіргенде, оларға ермей Тұрсын әкесінің жанында қалады. Ол Мәлібекті Шымкент қаласындағы қорғасын зауытының жанын-

әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, алғашқы әскери дайындықтан өтті. Бейбіт өмірді артқа тастап, шетің шағын сұм күреске арнаған боздақ Ленинград облысы Волхов қаласындағы 461-атқыштар полкі, 142-атқыштар дивизиясы сапында майданға жіберілді. 1942 жылы 12 ақпанда болған шайқаста Мәлібек Баймұратұлы ерлікпен қаза тапты.

Қорғасын зауыты мектебінің Мәлібек оқыған бір сыныбынан соғысқа аттанған 25 оқушының 22-сі соғыста қаза тауып, тек 3-еуі ғана аман оралған. Олардың бірі—Амантай Байтанаев, енді бірі—Кемел Тоқаев.

Тура сол 1942 жылы Мәлібектің өкіл әкесі Тұрсын Төрехановтың да ел іргесін шайқаған жаумен шайқасуға өзі құранып аттанады. Қанды майданда ерлік көрсеткені үшін оған Кеңес Одағының Бас қолбасшысы, маршал Сталиннің бұйрығымен Алғыс жарияланады.

Осы орайда қазақтың батырларын өз дәрежесінде құрметтеп жүрміз бе деген ой мазалайды. Ашаршылықта талай тағдырды құтқарып қалған, қуғын-сүргіннің қияметін көрген, бауырына басқан баласының қазасынан кейін соғысқа өзі құранып барған Тұрсын Төрехановқа кезінде өзі директор болған мектептің есімін немесе аштықтан арашалап алып қалған ауданындағы бір көшенің есімін берсе деген ұсынысы ойымыз бар. Қазақтың қилы тарихындағы әрбір батырдың есімі ұмытылмауға тиіс.

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,
Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология ин-
ститутының ғылыми
қызметкері.
(«Егемен Қазақстан» газеті.
22 сәуір 2025 жыл).

МӘЛІБЕКТИҢ БЕЙМӘЛІМ ТАҒДЫРЫ

немесе жазушы Кемел Тоқаевпен бір мектепте оқыған жерлесіміз

Қазақ даласының өзге өңірлеріндегідей Голощекиннің қолдан жасалған аштығының зардабы Созаққа да қара бұлтын төндіріп тұрған жыл болатын. Бұл 1929 жыл еді. Әр жерде қалжырап құлап жатқан әлсіз адамдар. Төңкіп ісіп-кеуіп өліп жатқан кісі өліктері. Бақырлыдан Созаққа жолаушылап келе жатқан бір аттылы кісінің құлағына жылаған баланың дауысы келеді. Қара жолдың бойы. Көктөбе ауылына жетпей Боқтышаның тұсындағы қалың ши болатын. Жылаған баланың дауысы алғашқы да мәлімнің не болмаса жабайы мысықтың дауысы сияқты естіледі. Күздің қара суығы жолаушының өңіменінен өтіп барады. Тымағының жалбағайын көтеріп тың тыңдайды. Шынында жылаған баланың дауысы. Дауыс естілген жаққа қарай аттың басын бұрады. Қалың шидің ортасындағы шағын, алақандай алаң-қайда бір кісі ұзынан сұлап жатыр. Қасында жеті-сегіз жасар бала, жылай-жылай әбден сілесі қатқан. Ашыққан. Айнала азынап ұлыған аш қасқырлар торып жүр. Алайда балаға тиіспеген. Мүмкін сәбидің періштесі қақты ма екен? Жолаушы атынан апыл-ғұпыл түсіп, үстіндегі тонына сәбиді орап оқшаулап жерге апарып отырғызады да өлген кісінің бетін жабуға көшті. Жердің бәрі тоң. Оның үстіне қолында құрал-сайманы да жоқ. Әйтеуір, оны-мұны тас, қатқан кесектерді әкеліп бетін жапқан болады.

Баланы қайтпек керек? Жақында ғана «Созақ ауылында осындай жетім балаларды қабылдайтын балалар үйі ашылды. Оның басшысы Төреханов Тұрсын деген азамат» деген хабарды ел ішінде ұзынқұлақтан есіткен. «Не болса да Созаққа бара жатырмын, жолшыбай апарып өткізейін» деп сәбиді тонға ораған күйі алдына алып алады. Жолшыбай жолға деп алып шыққан бір жапырақ нанынан балаға үзіп береді. Бала нанды жалма жан шайнамастан жұмалай тістелеп жұта береді. «Нанды көп беруге болмайды» дейді іштей жолаушы. Аш өзекке түсіп талай аш адамдардың көзі аларып өліп қалғанын көрген жолаушы «сәлден соң жейсің» деп қара жолға қайыра түсіп, Созақты бетке алып жүріп кетеді. Бұл кішкентай сәбидің есімі Мәлібек болатын. Негізі туып өскен ауылы Сарыжаз болса керек. Жолаушы баланы аман-есен әкеліп Созақтағы балалар үйіне өткізеді. Балалар үйінің директоры Төреханов Тұрсын Мәлібекті жуындыртып, шайындыртып, бір сыпыра киімін жаңалап кигізіп, тікелей өз қамқорлығына алады. Ол уақытта Тұрсынның өзі он алты жастағы жігіт болатын. Нақты дерегі беймәлім Мәлібекті «Төреханов Мәлібек Баймұратұлы» деп өз фамилиясына жаздырып алады. Тұрсын інісі Жылысбаев Мырзахметті, Төреханов Арыстанды, Жаңатілеуов Битуарды, шолаққорғандық Архабаев Базарды сол балалар үйінде тәрбиелеп, өсіріп, олардың білім алуларына, азамат болуларына көп тер төгіп, қамқорлық жасаған азамат. Мырзахметтің анасы Қатшаны сол Созақ ауылындағы балалар үйіне аспазшы етіп жұмысқа алған екен. Сонда Қатшаны Қозмолдақтан абысын-ажындары, қайын-жұрты жарты жолға дейін шығарып салып тұрып: «Енді бір бірімізді көреміз бе жоқ па?» деп жылап-сықтап қимай қоштасып қалған екен. Сондағысы Қозмолдақтан Созаққа барады! Сол



Қатша апамыз:

«Детдомдағы балалардың ішінде өз балам Мырзахметте болды. Балама бір түйір ет артық салғым келеді. Бірақ сонда өзге балалардың аузынан жырып, бөліп, балама артық қасық көже құюға арым жетпеді» деп айтып отыратын. Ол кісіге арнап қайыны Жаңатілеуов Битуар соғыста жүріп:

«Атыңнан айналайын асыл Қатша, Жолында қарамаушы ед алтын жатса!»-деп өлеңмен хат жазған екен. Сол Қатша апамыз елдің ақжарма алғысы арқасында 103 жасқа келіп өмірден озды. Ал жалғыз ұлы биыл 100 жасын тойлағалы жатыр. Мәлібек осы Созақтағы балалар үйінде жоғарыда аттары аталған балалармен бірге тәрбиеленеді. Бірнеше жылдан кейін Сарыжаз ауылынан екі-үш кісі келеді. Олар да баланың тағдырынан, жағдайынан сырттай хабардар жақын ағайын-туыстары екен. Ата-анасы аштан өліп, жетім қалған бала: «Мені осы кісілер бақты-қақты. Енді осы үйдің баласымын. Ешқайда бармаймын» деп қалып қояды. Тұрсын Мәлібекті Шымкент қаласындағы Ленин орденді қорғасын зауыты жанынан ашылған №26-шы М.И.Калинин атындағы қазақ орта мектебіне оқуға жібереді. Ондағы ойы бала білім алып, оқып азамат болуы керек. Кейін көкірек көзі ашылып, жұмыс істеп қызметке тұрса содан соң-ақ, ағайын-туыстарын да тауып алар деген үмітте болды. Мәлібекті ағасы Тұрсын Шымкент қаласындағы қорғасын зауыты жанындағы М.И.Калинин атындағы қазақ орта мектебіне апарып орналастырған дедік ғой. Сол мектепте Мәлібек бүгінгі Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаевтың әкесі Кемелмен, әкесінің үлкен ағасы Қасыммен бірге оқиды. Тоқаевтардың отбасы да сол Мәлібектің отбасы сияқты ауыр жағдайларды бастан кешеді. Олардың тағдырлары ұқсас болып осы Шымкенттегі қорғасын зауыты жанындағы мектептен бір-ақ шығады. Мәлібек мектепте оқып жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, қасындағы класстарымен бірге жаппай өз еріктерімен сұранып майданға аттанады. Бұл 1941 жылдың тамыз айы болатын.

2023 жылы 17 мамырда «Қазақ әдебиеті» газетіндегі Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми әмбебап кітапханасы директорының орынбасары, ҚР Мәдениет саласының үздігі Гүлмира Батырбайқызының «Жауынгер. Жазушы. Журналист» атты

мақаласында былай делінген екен:

«Кемел Тоқаевтың қиын қыстау тағдырының балалық, жасөспірім кезеңі Шымкент қаласымен тығыз байланысты екенін көзі қарақты оқырман хабардар. Жас түлек Кемел мектепті Шымкент қаласында бітірді, оның ұстаздары, сынып жетекшілері Әбіш Байтанаев, оның жұбайы Мырзай Алтынбекова сынды мұғалімдер болған. Ұлы Отан соғысына аттанған 25 түлектің 3-і ғана майданнан елге аман есен оралған екен. Оның бірі Әбіш Байтанаевтың туған інісі Амантай Байтанаев» деген жолдар бар. Қарап отырсақ Амантаймен бірге тірі қалғандардың екіншісі Кемел Тоқаев екен. Мына жоғары да мектеп бітіруші түлектердің түскен суретінде бірінші тұрған Мәлібек Төреханов бар. Мәлібектен Кемелдің бір жас кішілігі бар екен. Мақалада мектеп бітіруші түлектердің 3-і ғана аман есен оралған десе, сол қалған 22-нің бірі жат жердің топырағында опат болған Мәлібек батыр болатын. Кемел Тоқаевтың шығармаларында, мақалаларында осы 25 оқушының талайлы тағдыр жолдары айтылып, жазылып қалған шығар. Соны зерттеу, зерделеуіміз керек-ақ сияқты. Жоғарыдағы мектеп бітіруші түлектердің суретінде ұстаздар мен түлектердің аты-жөндері көмескі тартып, оларды оқу өте қиын болды. Сонда да шамамыз келгенше анықтағанымыз ұстаздар құрамы. Длмбетов-директор, Курбанғалиев-завуч, Саринов-Жумағалиева, преподаватель, Алтынбекова, Омаров, Байтанаев, Рахметов, Айсин, Мырзабекова, Ибрайымов, Байтанаев, оқушылар: Түреханов, Ибрагимов, Терманолов, Токаев, Байтанаев, Жумагелдина, Измухамбетов, Карабаулов деп жазылған. Жалпы Кемел Тоқаевтың жазушылыққа бет бұруына, қарымды қаламгер болуына осы мектепте қызмет еткен әдебиетші, ғалым ұстаздарының да ерен еңбегі сіңген сияқты. Өйткені олар Қазақстанға белгілі әдебиетші, ғалым ұстаздар болған. Ал Әбіш Байтанаевқа келсек, Шаға ауылында ғұмыр кешкен Есенкүл Сейдуалықызы деген апамыз болды. Ол кісінің әкесі Сейдуалы Байтанамен ағалы-інілі болған. Әбіш, Амантай, Жұмабике Байтанаевтар қазақ халқына белгілі, ағартушы, көзі ашық көкірегі ояу қазақ зиялылары.

Мәлібек соғысқа 142-ші атқыштар дивизиясы, 461 атқыштар полкінде, бөлімше командирі кіші сержант шенінде кіріп, взвод командирінің орынбасары сержант шенінде Ле-



нинград облысы, Волхов әскери орналастыру бекетінде қызмет етеді. Одан 1941 жылы 16 қазанда Солтүстік Батыс майданы, 8 және 11 армия, 3 атқыштар бригадасында майдан жорықтарында болады. Ленинград облысы Мчинский ауданы, Пушечная гора маңында 1942 жылы 12 ақпанда ерлікпен қаза табады. Ленинград түбіндегі бауырластар зиратына жерленеді. Осылай жас ұрпақтың болашағы жолында, Отан үшін 20 жасында есіл ер ерлікпен қаза табады. 1941 жылдың 8 тамызы күні ауыр жараланып эвагоспитальге түседі, одан 9 қыркүйек күні Волхов қаласындағы госпитальға жөнелтеді. Ұлы Отан соғысының тарихындағы ең сұрапыл, қаны өзендей аққан, жантүршігерлік соғыс осы Мчинск ауданында Пушечная горада өте құнды музей жәдігерлері болған. Оны немістер алдын ала білген. Оның үстіне эрмитаждан алып шыққан, осы жерге жасырылған заттар болуы мүмкін. Сол себепті немістер үшін бір куә болмауы тиіс. Ал кеңес әскері үшін құнды заттар неміс басқыншыларына қолды болмауы керек. Барлық жерді басып алған гитлершілер бала демей, ана демей, қарт демей, көзіне көрінген адамдарды атып, асып, жарып, қыра берген. Осы жан алысып, жан беріскен шайқаста Мәлібек нағыз ерліктің үлгісін көрсетеді.

«Құрметті аға! тағы басқаларға!!!

Мен Ленинградтағы ауруханаға жатып, жазылдым, енді тағы фронтқа кетіп барамын.

Маған да тілектес болыңыздар, қайыр қош-қош бауырым ағай!

Мәлібек 3.09. 1941 жыл».

Бұл Мәлібектің соңғы жазған хаты болатын.

1942 жылы Мәлібектің қазасын есіткен ағасы Тұрсын өзінің «әскери қызметке жарамсыз» екендігіне қарамастан Созақ аудандық әскери комиссариатына келіп өз еркімен майданға жөнелтуін сұранады. Бауырының кегін жөндеттердің өлімі арқылы қайтаруға белін бекем бұған Төреханов Тұрсын 1945 жылы Ұлы Жеңісті Берлинде аяқтап елге келеді.

Бүгінде әйгілі батыр қала Ленинградтың іргесінде мәңгілікке тыныс тапқан бөлімше командирі, сержант Мәлібек Төрехановтың ерлікті жолы елге мұра, ұрпаққа ұлағат. Әрбір бас қосуларда, жеңіс күндері, отбасылық дастарханда еске алып, рухына құран бағыштаймыз.


Өзі де соғысқа кетіп бара жатқанда мына суреттерді сақтаңыз, мен олай-бұлай болып кетсем маған құран бағыштап, еске алып тұрыңыздар!-деп аманат еткен екен. Мүмкін бабалары аян берді ме, мүмкін бұл соғыстың оңай болмайтынын жас жүрегі сезді ме екен?

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



«Егемен Қазақстан» газетінің 2025 жылғы 28 ақпан күнгі санында журналист Дүйсенәлі Әлімақынның «Аустралия газеттері қазақтар туралы не жазды?» атты мақаласын оқып отырып, Ұлы Отан соғысының батыры, жерлесіміз мерген Сиязбеков Сұлтанбек туралы «Қазақтың қос мергені» атты шағын мақала көзіме оттай басылды. «Зерттеу тақырыбымызға байланысты мұхиттың арғы

ұшқыш сияқты әскердің түрлі өнері мен түрлерін меңгеріп, машықтанған созақтықтар Ұлы Жеңістің жақындауына өз үлестерін қосты. Солардың бірі, мерген Сиязбеков Сұлтанбек ағамыз 1889 жылы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Әкелері осы Әулие ата жақтан келіп келген. Ойық руының ұрпақтары екен. Алғашында ауыл молдасынан хат танып кейін Созақ ауданынан тау асып, оқу іздеп шыққан талапты жас Түркістан қаласындағы төрт жылдық орыс мектебіне 1914 жылы түсіп, оны 1918 жылы бітіріп шығады. Одан кейін Ташкент қаласындағы түземдерге арналған училищеге барып түседі. Оны 1921 жылы бітіріп елге келеді. Ол Шолаққорған, Созақ, Қозмолдақ, Сызған, Құмкент, Бабата, Жартытөбе ауылдарында мектеп ұйымдастырған. Ол 1921 жылы араб қарпімен оқыса, одан кейін



рып шаңырағына қаралы жайды естіртеді. Алайда «қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі» дегендей Сұлтанбек тірі болып шығады.

Арыдан бастасақ Сұлтанбектің ұлы Қуат көкеміз көзі тірісінде «әкем 1930 жылы Созақ көтерілісіне қатысқан екен. Оны кейін қуғыншылық басылған соң өзі сөз арасында айтып отыратын» депті. Расында Сұлтанбек 1930 жылы 7 ақпанда бастау алған Созақ көтерілісіне қатысады. Бірақ кейін әркім-әркімдердің түрткілеуімен жазаға ілігіп кетем деп «шықпа жаным шықпа» деп тыныш жүреді. Кейін Ұлы Отан соғысы басталғанда өз еркімен алғашқылардың қатарында майданға аттанады. Одан 1943 жылы ауыр жараланып бір жақ бетіне, жуан санына снаряд жарықшағы кіріп кетеді. Сөйтіп ес-түссіз майдан даласында

ЕРЕН ЕРЛІГІН ӘЛЕМ ТАНЫҒАН

немесе батыр жерлесіміз шет ел баспасөздерінде

жағында, АҚШ-та түрлі кітапханаларды ақтарып, архивтерге барғанда елеусіз қалдыра алмайтын сан түрлі қызықты мәлімет кездестірдік. Солардың бірі – сонау алыстағы Аустралия газеттеріндегі ұлтымыз туралы жазбалар. Осы орайда 1850 жылдан 1901 жылға дейін жарық көрген Аустралиядағы «The Northern Herald», «Tribune», «The Menzies Mirror» газеті мен Сиднейден шығатын «Mirror» газетінде жарияланған кейбір деректерді оқырманға ұсынуды жөн көрдік.

Сиднейден шығатын «Mirror» газетінде 1943 жылы 19 қазанда жарық көрген мына мақала біз үшін тіптен құнды болмақ. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақ мергендерінің жүзі қандай жылы дерсіз. Аталған газет хабарламасында былай делінген: «Қызыл мергендердің қаһарлы жеңісі, қазақ Сиязбеков күнде төрт-бес фашисті жер жастандырады. Ресей майданындағы нақты ұрыс көріністері кезінде түсірілген бұл фотосуретте Сиязбеков (оң жақта) қар басқан орыс даласында жайлы жерге жасырынғаны анық. Оның қасындағы қызыл әскер Жәкеев те мерген». Аустралиялық ескі газеттің бетіне екі батырдың мерген мылтығына сығалап тұрған сұсты да айбынды бейнесі берілген» деген жолдарды оқып, Ұлы Отан соғысында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен Созақ өлкесінің оғланы мерген Сұлтанбек Сиязбековтей ағамыздың ерлікті жолы кеудемізге мақтаныш сезімін ұялатты. Созақтан шыққан батырлар аз болған жоқ. Әрқашан алдыңғы шепте өздерінің сара жолы, ерен үлгісі мен өнегесін де бөлекше көрсете білді. Алуан-алуан жүйрік бар» демекші алуан батырларымыздың жасаған ерліктері де сан алуан. Барлаушы, партизан, зеңбірекші, жаяу әскер, мерген,

төте латынша орыс әрпімен дәріс алған. Алғашқы оқытқанда балалар алты ай оқып, жазда алты ай «Қызыл отау» ұйымдастырылып, жұртшылық арасында жаңадан шыққан қаулы, қарарларды түсіндіріп, ересектерді оқу білімге тартқан. Жаңа дүниенің жаршысы болып сауатсыздықты жоюмен күрескен. Сұлтанбектің үлкен ұлы Ыбырай 1925 жылы туылған. Ол да Ұлы Отан соғысына аттанып, хабар ошарсыз кеткен. Артында қалған туыстары, бауырлары Ыбырайды іздеп Мәскеу, Подольск қалаларындағы әскери архивтерге қаншама рет хат жазып іздеу салды. Бірақ бірде бір нәтиже болмады. Тұтқынға түсті ме, жоқ әлде алдыңғы лекпен барғанда жаппай қырылып кетті ме белгісіз?

Екінші ұлы Қуат ұзақ жылдар оқу ағарту саласында қажырлы еңбек етті. Одан кейінгі қызы Нағима шолаққорғандық Қуандықовтар отбасында, ұлдары Сайлау Шымкент шаһарында, кенжесі Сиязбек Тараз қаласында тұрады екен.

Сиязбеков Сұлтанбектің шәкірттері Өмірбеков Есіркеп, Мұқанов Ақшал, Омаров Тұрсынбай, Жүнісов Әбілда, Жолдасов Бекзат, Қауынбаев Әдіш, Әбдірашов Әділ, Зейілбеков Әшімхан, Жасұланов Әшірбек кезінде Сұлтанбектен тәлім мен тәрбие, білім алған азаматтар. Барлығы да елге қызмет етіп, абыройлы азаматтар қатарында болды.

Сұлтанбек 1938 жылы Түркістан педучилищесін бітіреді. 1942 жылы Құмкент ауылында мектеп директоры қызметінен майданға аттанған. 1979 жылы өмірден озды. 1975 жылы Ұлы Жеңістің отыз жылдығына арнап Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қаһарман» атты жинаққа, Е.Өмірбековтің «Дәулет пен сәулет» атты кітабына, Созақ энциклопедиясына есімі енген.

Соғыстан соң ауылшаруашылығында еңбек еткен. Шолаққорғанда бір көшеге есімі берілген. Өткен жолы бұйырса аудандық газеттен Сұлтанбек ағамыз туралы мақаланы оқисыздар деп фейсбуктегі әлеуметтік парақшамда жазған болатынмын. Сол уәдеме орай батырдың соңында қалған немересі Мадияр інімізбен де хабарласып үлгердім. Батыр бабасы туралы «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан мақаланы көрсеткенімде Мадиярдың қуанышында шек болмады. Расында соңғы жылдары ұмыт бола бастағандай ма қалай?

Созақ ауданының орталығында Сұлтанбек Сиязбеков атындағы көше бар. Бұл кісі кім? Қандай ерен еңбегі, ерлігі үшін көше аты берілгенінде бүгінгі жастар, тіпті орта буын азаматтар да біле бермейді. Мен ол кісінің есімін 1997 жылы 9 мамыр қарсаңында естідім. Жастар ісі, спорт және туризм басқармасында қызмет атқарып жүргенде Сұлтанбек ағамыздың немересі Сұлтанбекова Ботакөз Қуатқызы қолында жоғарыда айтқан мұқабасы сарғыш келген «Қаһарман» деген кітап бар. Осы кітапта мерген Сұлтанбек Сиязбеков туралы жазылған екен. Кейін сол сырты сары кітапты қайта көрмедім. Қолыма түспеді.

Сиязбеков Сұлтанбек 158-ші атқыштар дивизиясы, 875-ші атқыштар полкінде снайпер (мерген) болады. Созақ аудандық әскери комиссариатынан Ұлы Отан соғысына шақырылып, гитлершілермен жанын аямай соғысады. 1943 жылы көктемде «1943 жылы 13 наурызда Шолаққорғанға Смоленск облысы, Бельский ауданы, Федотова деревнясы маңындағы кескілескен шайқаста ерлікпен «қаза тапты» деген қаралы қағаз келеді. Аудандық партия комитетінің өкілдері арнайы ба-

жатып қалады. Кейін Сұлтанбекті немістер тауып алып, тұтқынға түседі. Бірақ тұтқыннан қашып шығып, кеңес әскеріне қайта қосылады. «Күніне төрт-бес фашистің көзін жойып отырды» дейді сонда есептей беріңіз. Полк командирі мерген Сұлтанбек Сиязбековті жоғары командованиеға жоғары атаққа ұсынады. Бірақ та Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылғанда тұтқынға түсуі бар, Созақ көтерілісіне қатысқаны бар, бәрі алдынан шығып, өз кедергісін келтірсе керек.

1990 жылы Шолаққорған ауылдық советінде жиналыс болып, ауыл тұрғындары білім саласының ардагері, Ұлы Отан соғысының ардагері Сиязбеков Сұлтанбекті мәңгі ел есінде қалдыру мақсатында Шолаққорған ауылындағы Андреев көшесін өзгертіп, Сұлтанбек Сиязбековтің есімін беру жөнінде ұсыныс айтады. 1990 жылы 15 майда Халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің №145 қарары бойынша Андреев көшесіне Сұлтанбек Сиязбековтің есімі беріледі.

Ең бірінші менің атамды іздеген 1995 жылы 9 мамыр қарсаңында сол уақыттағы аудан әкімі Қуаныш Айтаханов болатын. Сөйтіп 9 мамыр-Жеңіс күні аудан орталығындағы Жеңіс парадында оқушылар менің атам Сиязбеков Сұлтанбектің портретін көтеріп шыққаны әлі күнге есімде қалыпты. 2008 жылы үйдегі атам туралы мәліметтер мен деректерді жинақтаған журналист Әмзеев Кәрібай ағамыз «Осы жұрт Сұлтанбекті біле ме екен?» деген мақаласын жазып сол жылы 6 қыркүйекте «Теріскей» газетінде жарияланған болатын, дейді Сұлтанбек батырдың немересі Мадияр Сұлтанбеков.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Қазақстан майдангерлерін еске алу мақсатында «Батырларға тағзым»
([https:// batyrlarga-tagzym.kz/ru/](https://batyrlarga-tagzym.kz/ru/)) атты бірегей онлайн-порталды іске қосты.

Жобаның мақсаты–Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан қазақстандықтардың ерлігі мен жанкештілігі туралы болашақ ұрпаққа құнды ақпараттарды жеткізу. Порталда кең көлемді мәліметтер базасы бар. Сайтта қазірдің өзінде 677 мыңнан аса соғыс ардагері, оның ішінде 365 Кеңес Одағының батыры, 4 екі мәрте

«Батырларға тағзым» порталы іске қосылды

Кеңес Одағының батыры және 19 «Даңқ» орденінің иегері туралы ақпарат жинақталған. Интерфейс қажетті ақпаратты табуға ғана емес, сонымен қатар ардагер туыстары туралы деректерді қосуға, жаңалықтармен танысуға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл портал тарихты болашақ ұрпақ үшін сақтап, батырларға тағзым етіп, құрмет көрсетуге арналған платформа қызметін атқарады.

Онлайн-порталды пайдаланушылар сайтқа майдангер



туысының тарихын, естеліктерін, фотосуреттерін, жаңа мәліметтерін оңай енгізе алады. Сондай-ақ батырлар галереясын көре алады. Сайтта қазірдің өзінде көптеген батырдың өмірбаяны жазылған галерея бар. Кез келген қолданушы бұл бөлімнен олардың өмірі мен жасаған ерліктері туралы көбірек ақпарат алады. Веб-порталда ардагерлерге және жобаға қатысты жаңалықтар мен оқиғалар тұрақты түрде жарияланып тұрады.

Айта кетейік, Жеңістің 80 жылдығына орай республикада 200-ден аса іс-шара ұйымдастырылады.

Безгектен сақтаныңыз!

Безгек-бұл инфекциялық қан ауруы. Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын шыбын-шіркейлер, ма-са-соналар арқылы тарайды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді, бірнеше мәрте қайталайтын ауру түрі.

Инфекция көзі: ауру адам, тасымалдаушы маса-соналар арқылы тарайды.

Эндемиялық ошақтарда көбінесе 2-5 жастағы балалар ауырады. Қабылдау мүмкіншілігі жоғары. Иммунитет: тұрақты емес, түріне байланысты өте баяу түрде қалыптасады.

Көбінесе безгек масасының шағуынан жұғады. Безгек басқа паразит түрлеріне қарағанда ауырлау, тіпті соңы өлімге әкеледі. Бұлар қанды қызыл жасуша ішінде тез тарайды. Жаппай 42-72 сағат аралығында шығады. Кейін адам 4-10 сағатқа жуық тітіркеніп, қызуы 40,6-ға дейін көтеріледі. Және басы қатты ауырады. Безгекпен күресудің бірден бір жолы осыны таратушы масаларды жою.

Клиникасы:

Безгек ұстамасы әдетте 3 сатыдан тұрады:

Безгек қалтыраудан басталады және бас жиі ауырады. Науқас 15 минуттан 1 сағатқа дейін қалтырайды.

Қалтырау ыстықтың көтерілуіне жалғасып, ол 40-қа дейін және одан да жоғары көтеріледі. Адам әлсірейді, терісі қызарады, сандырақтайды. Ыстық бірнеше сағат немесе күн бойы сақталады.

Ақырында адам малшына терлейді және ыстық түседі. Ұстамадан кейін адам әлсірейді, бірақ өзін біршама сергек сезіне бастайды.

Әдетте адамда безгек кезінде әр 2-3 күн сайын қызу болады (безгектің түріне қарай), ал ұстама басталатын кезінде қызу күн сайын қайталайды. Ыстықтың түсуі мен көтерілуі оқтын-оқтын өзгеріп тұрады. Сондықтан себепсіз ыстығы көтерілген әрбір адам

қанын безгекке тексерту керек.

Созылмалы безгек көбіне талақтың үлкеюі мен қанның азаюына себепші болады.

Жас балаларда беттің бозаруы мен қанның азаюы бір-екі күннен кейін басталады. Бұл жағдай безгек миды зақымдаған кезде болады (церебральды безгек), қызба ұстамасы естен тану ұстамасына жалғасады. Науқастың қолы көгіс тартады, демалысы жиілеп, тереңдейді. (Ескерту: Емшек сүтін ембеген балалар безгекпен тым жиі ауырады).

Алдын алу жолдары:

Безгек ыстық жаңбырлы маусымдарда жиі болады. Бірақ күш-жігер жұмсап, оны болдырмауға болады. Барлық алдын алу шаралары жедел іске асырылуға тиіс.

Өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе масаханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қою керек.

Безгектен сезіктенсеңіз жедел емдеуге кірісіңіз. Сіз емделіп, сауыққаннан кейін сізді шаққан шіркей басқаға ауруды таратпайды.

Осы ауруды емдейтін органдармен, олардың өкілдері сіздің ауылыңызға келген кезде, ынтымақтасып жұмыс істеңіз. Егер сіздің отбасы мүшелерінің бірінің ыстығы көтерілсе, оларға бұл жөнінде хабарлап, айтыңыз және олардың қан алып, анализ жасауына мүмкіндік жасаңыз.

Шіркейлерді және оның ұрықтарын құртыңыз. Шіркейлер лас суда тез көбейеді. Тоғандарды, шұңқырларды, лас су жиналып қалатын ескі банк немесе құтыларды тазартыңыз. Шіркейлер көбеюі мүмкін барлық су тоғандарын немесе батпақты құрғатыңыз.

А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»
ШЖҚ РМК ТОФСозақ аудандық бөлімше басшысы.
Ж.БАКЕНОВА,
Зертханашы.

Артериялық гипертензия (АГ)—артериялық қан қысымының мерзімдік немесе тұрақты жоғарылауы. Гипертониялық ауру—әлемдегі ең кең таралған аурулардың бірі. Артериялық қысымның жоғарылауы себебі күрделі және әралуан. Қазіргі кезде бұл сырқаттың себебін дәл анықтау қиын. Әрине, гипертониялық аурудың даму механизмінде адамның жүйке жүйесінің жағдайы маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар артериялық қысымды жоғарылататын басқа да ілеспелі аурулар болады. Мысалы, пие-лонефрит, эндокриндік жүйе

миялық ауруына (стенокардия), миокард инфарктісіне, жүрек және бүйрек шамасыздығына әкелуі мүмкін. Артериялық қысымның жоғарылауы кезінде аса жиі болатын белгілердің бірі—бастың ауруы. Бұл жағдайда адам дәрігерге қаралуға мәжбүр. Алайда осы белгі үнемі артериялық қысымның жоғарылауының белгісі бола бермейді, кейде бас ауырмауы да мүмкін. Гипертониялық аурудың бірнеше кезеңде жүретіні бар. Аурудың дамуының ерте кезеңінде артериялық қысым әдетте тұрақсыз түрде жоғарылайды және тынығу

зерттеулер жүргізілуде. Сол себепті әрбір азамат тұрғылықты мекенжайы бойынша емханада тексерістен өтуі тиіс. Егер артериялық гипертензия диагнозы анықталса, диспансерлік есепке тұруы қажет. Алдын алудың басты мақсаты — артериялық гипертензияның қауіп факторларының әсерін жою. Алдын алу шараларына мыналар жатады:

—артық салмақтан арылу (артық салмақтың 4-5 келіге төмендеуі АҚ-ның 5 мм с.б. төмендеуіне алып келетіндігін білу маңызды)
—тәулігіне 5-6 грамнан артық

Артериялық гипертензияның алдын алу

аурулары, тамырдың туа біткен ерекшеліктері және т.б. Шамамен әр төртінші ересек адамда артериялық қан қысымы жоғары, сонымен қатар негізгі қауіп факторлары—жүрек және бүйрек аурулары, инсульт пен жүрек жеткіліксіздігі жиі. Жоғары қан қысымы өте қауіпті, себебі оның алдын ала сезілетін белгілері болмайды. Бір жақсысы, сіз үнемі өлшеп отыру арқылы қан қысымыңыздың қандай екендігін біле аласыз. Егер қан қысымыңыз жоғары болса, сіз оны төмендету үшін шаралар қолдана аласыз. Егер қан қысымыңыз қалыпты болса, оны сол деңгейде қалай ұстап тұру қажеттігін білген жөн.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау хйымының мәліметтері бойынша, артериялық қысымның қауіпсіз деңгейі кемінде 140/90 мм с.б., ал қантты диабетпен ауыратындар үшін — кемінде 130/80 мм с.б. Артериялық гипертензия көп жылдарға созылған жағдайда адам ағзасы біртіндеп жоғары артериялық қысымға бейімделеді, алайда жоғарылаған қысым тамырларға және олармен қуаттанатын ағзаларға — ми, жүрек, бүйрекке патологиялық әсер етеді. Ұзаққа созылған артериялық қысым жоғарыда келтірілген патологиялық үрдістер (тіпті шағымдардың болмауы жағдайында да) инсультқа, жүректің ише-

кезінде, стресс жағдайларын жою және т.б. кезінде өз бетінше қалыпқа келуі мүмкін. Бұдан әрі дамыған кезде артериялық қысым тек қана дәрілік препараттардың әсерімен ғана қалыпқа келеді. Осы кезеңде ауру өршу (криздермен) және жақсару кезеңдерінің толқын тәрізді ағымымен сипатталады. Криздер сырқат адам үшін қауіпті, сондықтан мұндай жағдайда оны дәрігер міндетті түрде бақылауы тиіс. Дәрілік препараттарды үнемі қабылдау, артериялық қысымды қадағалау жағдайында емделушілердің көп жағдайда инсульт, миокард инфарктісі, екенің ісінуі және т.б. сияқты қауіпті асқынулардың алдын алуға болады. Артериялық қысымды өлшемей, ауруды анықтау мүмкін емес!

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ: адам артериялық қысымды хал-жағдайы нашарлағанда ғана емес, сондай-ақ шағымдар болмаған жағдайда да тұрақты өлшеуі қажет. Бұл—артериялық гипертензияны уақытылы анықтаудың дәлелді тәсілі. Профилактика мәселесі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапқан. Қан айналым жүйесі ауруларын, соның ішінде артериялық гипертензияны анықтау бойынша. Ұлттық скринингтік

тұз тұтынбау;

—көбірек қимылдау (жүйелі орташа және бәсең жүктемелер АҚ деңгейін тұрақты төмендетеді);

—стресс жағдайларынан аулақ болу (стресс жағдайларында қанағымға кортизол және адреналин лақтырылады, олар қалыпты артериялық қысымды арттырып, ағзаны қауіпке тойтарыс беруге дайындайды);

—шылым шегуден бас тарту (темекі шегу атеросклероздың жылдам және ерте дамуына себепші, темекі түтініндегі никотин тамыр қабырғаларын зақымдайды және тамырларда түйіндердің пайда болуына ықпал етеді). Нәтижесінде жүректің және бас миының артериялары бітеледі, бұл миокард инфарктісіне және инсультқа алып келеді;

—сергітетін ішімдіктер мен алкогольден аулақ болу. Артериялық қысым тыныштық қалпында, ұйқы кезінде төмендейді, таңертеңгілік, қобалжу, дене жүктемелері және басқа жүктемелер кезінде, сондай-ақ шылым тарту және алкогольді ішімдіктерді қабылдағанда артады. Артериялық гипертензияның алдын алу әр адамның өз қолында.

Г.АЙНАБЕКОВА,
Созақ аудандық орталық ауруханасының Жалпы тәжірибелі дәрігері.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу

Бұл шөлді аймақтарда жиі кездесетін вирус тудыратын өте қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру өрте заманнан белгілі, онымен тек адамдар ғана ауырады. Кейбір жағдайларда ауру ауыр және науқастың органдарынан қан кету нәтижесінде өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл қауіпті дерт елімізде «қара өлім» деген атпен кеңінен тараған. Аурудың жасырын кезеңі бірнеше күннен 14 күнге дейін, орта есеппен 5-7 күнге созылады. Көп жағдайда ауру жедел басталады, дене қызуының көтерілуімен (39-40С), қалтырау, бас ауруы, шаршау, бұлшық еттердің ауыруы, денеде, қызыл иекте, мұрында, асқазанда бөртпелер пайда болады—қан кету сияқты белгілермен көрінеді. ішектер. Кейбір органдар, соның ішінде бүйрек зақымдалады, соның салдарынан арқа ауырады, науқастың жағдайы нашарлайды, түнде ұйықтамайды. Ауру басылған кезде науқастың қызуы көтеріледі, бірақ қан кету және бүйректің зақымдануы байқалмайды. Кейбір жағдайларда ауру симптомсыз өтуі мүмкін, яғни денеде бөртпе жоқ, органдардан қан кетпейді. Қашан және қандай жолдармен беріледі? Ауру сәуір, мамыр, маусым айларында жиі кездеседі. Оның маусымдылығы кенелердің белсенділігіне тіке-

лей байланысты және аурудың 80 пайыздан астамы 20-60 жас аралығындағы ер адамдарда кездеседі. Біздің республикада ірі және ұсақ жануарларда кездесетін кенелер ауру вирусының тасымалдаушысы және тасымалдаушысы болып табылады. Адамдар кене шағуынан және қолдың кене қанымен ластануынан жұғады. Дені сау адам осы аурумен ауыратын науқастың қанымен, сондай-ақ медициналық процедуралар (инъекциялар, инфузиялар, операциялар, қан алу және т.б.) арқылы жұғады.

Аурудың алдын алу үшін төмендегі ұсыныстарды орындаңыз: сәуір-шілде айларында мүмкіндігінше шөлді аймақтарға (табиғат құшағына) бармау; шөлді аймақтар мен базарлардан ұсақ және ірі мүйізді малдарды кенеге қарсы емсіз үйге әкелмеу; ірі қара малда кене табылса, дереу ветеринарға хабарласып, олардың ұсынысы бойынша кенеге қарсы ем қолдану; кенелерді қолмен ұсақтамаңыз және қайшымен кеспеңіз; малды және олар тұратын орындарды толық және сапалы дезинфекциялау; құрық маусымына жас балалар мен жасөспірімдерді тартпау; кесу кезінде тек арнайы киімдерді (қолғаптар, жеңі мен аяғы тығыз жабылған шалбар, жилет, резеңке етік) пайдаланыңыз; кесу кезінде жеке гигиена ережелерін мұқият сақтау қажет.

М.ФАФУР,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшы м.а.

Кенеден сақтанайық!

Кенелер аса қауіпті жұқпалардың тасымалдаушылары болып, кене энцефалиті, көкала тәрізді қауіпті аурулардың қоздырғыштарын тасымалдайды. Кене энцефалитінің ең көп жерлері Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында кездеседі. Олар ауа-райы қолайлы өлкелерде өсіп-өнеді және сондай жердің тұрғындарына қауіп туғызады. Негізнен кенелердің қауіп төндіру кезеңдері жыл мезгілінің көктем айларынан бастап күздің алғашқы айларына дейін ұлсады. Кенелік энцефалит—орталық жүйке жүйесінің жедел вирусты ауруы, эндемиялық табиғи ошақтарда трансмиссивті (кененің шағуы) немесе алиментарлы жолмен (инфекцияланған сүт) арқылы жұғады. Кенелер адамдар мен жануарларға қан сору мақсатында ғана шабуылдайды, сондықтан оларды дер кезінде табу және теріден дұрыс тымсығымен қоса алып тастау адам денсаулығы мен өмірі үшін маңызды болып табылады. Сондықтан кене энцефалитінен сақтау үшін кенелерден қорғану жолдарын есте сақтауымыз қажет. Шөп жинау кезінде кенелердің шөп арасында қыстайтынын есте сақтаңыз; ешкі және сиыр сүтін міндетті түрде қайнату керек, себебі сүт қоздырғышпен залалда-

нуы мүмкін.

Есте сақтайтын қағидалар: ешқашан терідегі кенені сықпаңыз, өйткені кене ішінде вирустар мен патогенді организмдер бар. Тіпті қолдың ашық жаралары немесе сәл тыртықтар арқылы жұқтыруға болады; кенені жұлмаңыз, өйткені жұлу кезінде кене басы теріде қалып кетеді де, улы сөлі адам ағзасына тарала береді; кенені тіспен жұлуға болмайды, қоздырғышты жұқтыру қауіпі жоғары.

Сондықтан денеге жабысып тұрған кенені байқасаңыз, жедел дәрігерге көрініңіз.

Конго-Қырым қанды қызбасының алдын-алу мақсатында, Түркістан облысы аумағындағы аудан, қала, ауыл округтерге жергілікті аудан, қаладағы «Ветеринарлық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мамандарымен ауыл шаруашылығы жануарларына және мал қораларына кенеге қарсы дезинсекция жұмыстары 2-кезеңде жүргізіледі. Кенені жою үшін қораға жасайтын залалсыздандыру (дезинсекция) жүргізу алдын қора жайларды механикалық тазалаудан өткізу керек. Сондықтан қора-жайларыңызды тазалап, ауылшаруашылығы жануарларына кенеге қарсы бүрку, тоғыту, қора-жайларды залалсыздандырудан қалдырмаңыздар.

ТО Ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ Созақ аудандық филиалы.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-Ерікті зейнетақы жарналары мұраға беріле ме?

-Зейнетақы жинақтары, оның ішінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинағы бар адам қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы жинағы Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Атап айтқанда, зейнетақы жинақтарын мұраға беру өсиет немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған кезде немесе бүкіл мұраның тағдырын анықтай алмаған кезде, сондай-ақ, басқа жағдайларда мұрагерлік заң күшіне енеді.

-Ерікті зейнетақы жарналарының артықшылығы неде?

-Азаматтар ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) өз қалауы бойынша төлейді, олардың мөлшері мен кезеңділігін дербес белгілейді. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін де алушы БЖЗҚ-ның зейнетақы ережелеріне сәйкес дербес айқындайды. Бұл жарналардың осы түрінің көп артықшылықтарының бірі ғана. Сондай-ақ, салық заңнамасында жеке тұлғаның ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен төлеген кезде төленетін сомаға салық шегерімі көзделген.

Жұмыс берушілерге келетін болсақ, олар да салықтық жеңілдіктерге ие болады. Мәселен, жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды, жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегеріледі. Яғни, бұл жағдайда жұмыс беруші салықтық жеңілдіктерге ие болады.

-Ерікті зейнетақы жарналары инвестицияланады ма? Оларды инвестициялық портфельді басқарушыларға аударуға бола ма?

-Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Десек те, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударуға құқылы. Олар кірістілік пен тәуекелдің түрлі деңгейлеріне ие сан алуан инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер ИПБ-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50% дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық көлемде сеніп тапсыруға болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Орманда өрт қауіпсіздігін сақтаңыздар

Жаз кезінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызақ, соңы қатты желге айналады. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Аңшылық құрғанда оталғыш немесе бықсығыш материалдарды қолдануға, жанармай заттарын сүрткен материалдарды арнайы қарастырылмаған жерлерде тастауға, іштен жанатын қозғалтқыш істеп тұрған кезед отынды баққа құюға, қозғалтқыш қуат көзі жүйесінің ақауы бар машинаны қолдануға, сондай-ақ жанармаймен жүретін машиналардың жанында темекі шегуге немесе ашық түрде от қолдануға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Нұржігіт АЙТБАЕВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетшісі-қорықшысы.

Жарамсыз деп танылсын

Үмбетов Қаһарман Нағашбекұлының иелігіндегі 1986 жылы шығарылған «Газ 53» маркалі автокөлігінің «KZ 704 QVB/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Рахметов Медет Абдималиковичтің иелігіндегі 2002 жылы шығарылған «Ваз 21213» маркалі автокөлігінің «KZ 803 XNA/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Шапағатың шуақ болып төгілген

Шолаққорған ауылының тұрғыны, аяулы жар, ардақты әке, асыл перзент, қимас дос **Әріпбай Ғазиз Әбділдаұлының** бұл пәни жалғаннан ақиқи өмірге кеткеніне бір жылдың жүзі болды.

Шапағатың шуақ болып төгілген, Меірімің сезілетін өңіңнен.

Ұл-қызының рахатын көре алмай,

Бұлттай көшіп кетіп барды көгімнен.

Анамызбен отырушы ең жарасып,

Ағайынға жүруші едің қарасып.

Мәңгілікке кетіп бардың, амал не?

Жаратқанның бұйрығымен санасып-дей отырып марқұм Әбділдаұлы Ғазиздың рухына бағыштап **8 мамыр қонақасы, 9 мамыр жылдық асы Желтоқсан көшесі №1 үйі,** өз шаңырағында өтетінін ағайын-туыс, құда-жекежат, замандастарының есіне саламыз.

Асқа шақырушылар: отбасы, Әбділдә әулеті.



Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқор-

лықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-

жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондық-

Жемқорлық-қоғамның өзекті мәселесі

лық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі ба-сымдықтарының бірі осы

жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында

тан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

А.ӨМІРТАЙ,
Созақ аудандық соты
әкімшісінің бас маманы.

Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

Сыбайлас жемқорлық—тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі.

Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасы Президенті жыл сайынғы өзінің халыққа жолдағы Жолдауларының бірінде «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» д. мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын

өмір сүрген ғұлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Оқуға, я жұмысқа қабылдану үшін парамен ұсталып жататын қызметкерлерді екі күннің бірінде көз көріп, құлақ естіп жататыны да жасырын емес.

Сөзімізді түйіндей келе, сыбайлас жемқорлық—індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол—жемқорлық. Қасым-Жомарт Тоқаевша айтқандай, «сыбайлас жемқорлықтың се-

Вакцинаның маңыздылығы

Елімізде Ұлттық күнтізбеге сәйкес қазіргі таңда 20-дан астам инфекциялық ауруларға қарсы вакцинация тегін жасалады. Қазақстанда халықты иммунизациялау үшін Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өткен вакциналар қолданылады. Мемлекеттік тіркеу рәсімі-күрделі көпкезеңді процесс және оған вакцинаның сапасын зертханалық бақылау қосылады. Сонымен қатар, өндірісі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертификатталған вакциналар сатып алынады. Профилактикалық екпелерді жүргізу мерзімдері ғылыми мәліметтерге және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарына негізделген. Мәселен, баланың ағзасына ананың антиденелері (антитела) беріледі және қысқа мерзімде ғана сақталады: дифтерияға қарсы 2-3 ай, қызылшаға қарсы 6 айға дейін, ал туберкулезге және «В» гепатитіне қарсы бала толық қорғалмаған болып туылады. Бұл ерекшеліктер, вакцинацияның мерзімдерін

анықтағанда ескеріліп отырады. Осыған орай, бала туберкулезге немесе «В» гепатитіне қарсы туылған күнінің алғашқы күндерінде екпе алады, ал дифтерияға қарсы 2-3 айлығында екпе алады. Екпелер тек өз денсаулығын қорғау үшін жүргізілмейді, ол сондай-ақ қоғамның саулығы үшін де жүргізіледі (ауырған адам инфекцияны таратушы болуы мүмкін және басқа адамдарға қатер төндіреді). Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін халықтың иммунизациялауға жататын тобының 95% екпемен қамту керек. Әрине екпе салдырудың алдында белгілі процедуралар жүргізіледі. Профилактикалық екпе салдырудың алдында медицина қызметкері екпе салдыратын тұлғаны тексеріп, көреді. Медицина қызметкері екпе салдырушы тұлғаға немесе оның заңды уәкіліне профилактикалық екпе туралы толық әрі жан-жақты ақпарат береді, туындап қалатын кері әсері, екпеден бас тартудың зардабы, вакцина салдырғаннан кейін болатын

асқынулар жайлы айтады. Жылда балаларына екпе салдырудан бас тартып жатқан ата-аналар саны көбеюде. Жеткен жетістіктердің арқасында осы инфекциялардың қалай ауыр өтетіні ұмытыла бастады. Инфекциялар мәңгілікке жойылды деген жалған әсер туындады. Бас тартулардың негізгі себептері болып жеке пайымдаулар, вакцинаға деген сенімсіздік, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (интернет ресурстары) алынған жағымсыз мәліметтер екендігі жасырын емес. Әр ата-ана балама екпе салдыру керек пе, жоқ па деген таңдаудың алдында тұрады. Дегенменде, ата-ананың білуі қажет нәрсе, уақытылы жасалған екпелер баланы аурудың ауыр түрінен сақтауға көмектеседі және әрі қарай инфекциялық ауруларды жұқтырудан сақтайды. Балалардың барлығы қорғауға болатын барлық жаман нәрседен қорғалуы тиіс!

Созақ аудандық СЭБ
басқармасы.

Соzaқтың ардақты перзенті, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, жауынгерлік «Қызыл Ту», «Қызыл жұлдыз», «Даңқ» орденінің иегері Омарбек Дүйсенбековтің есімі жалпы ісі қазақ жұртына кеңінен таныс. Тарихы тарихатта қалған ескі Созақ шаһарында батыр рухын еске алуға арналған Дүйсенбековтердің ұрпақтары бас қосқан көптеген шаралар өткізілді. Ондағы басты мақсат батырымыздың өр рухы алдында елін, жерін қорғай білер қайратты, жігерлі, күшті жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында алдыңғы аға буын аталарымыздың ерлікті жолдарын дәріптеу болатын. Батырдың кеуде мүсіні орнатылған тұғыр тас жанында тұрмын. Белгілі «Даңқты жауынгер» ескерткіші. «Белгісіз жауынгер» деген болмайды. Бәрі де түбінде белгілі, даңқты болады. Хабарсыз кетсе хабары болады, ошарсыз кетсе ол да тұбінде бір отанына оралады. Ол ақиқат. «Өшпес оттың» жанында тұрмын. Қызыл жалыны қазыққа арқандалған қызыл күрең тұлпардай біресе олай, біресе былай жұлқынады. «Арқанды» үзіп кетердей арпалыса лаулайды. Қызыл жалын кейде жауынгердің «Отан» деп дүрсілдей соққан жүрегіндей өреки, шарпи, тулай түседі. «Өшпес от» өлмес ерлік, мәңгілік рухтың өр белгісіндей күндіз де, түн де де лаулай жанады. «Даңқ» саябағы. Кешқұрым уақыт. Көптен күткен шара да әпсәтте өте шықты. Ауданнан арпалысты майданға аттанған 6000-ға жуық жауынгерден қалғаны бір майдангер ғана! Келесі жылы, арғы жылы ше? Өмірдің теңіз, адамдардың толқын екенін осыдан соң түсінерсің. Аудан орталығындағы «батырлар аллеясындағы» «Өшпес отты» қоршаған саңмыңдаған жауынгерлердің аты-жөндері жазылған жазулар ішінен «Омарбек Дүйсенбеков» деген есімге көзің түседі. Майдан даласында ортаға лаулата от жағып, айнала қоршап оттың жылуына жылынып отырған жауынгерлер көз алдыға келеді. Ескерткіштегі санмың жауынгерлердің рухы да өшпес отқа ентелей түскендей. Созақ ауданынан қанды жорыққа аттанған жауынгерлердің ішінде барлығы да ерлік көрсетіп, Отанын жаттан қорғап, азат етті. Солардың арасында Рүстемов Құрал, Өткелбаев Жақсыберген, Асылбеков Атабек, Дүйсенбеков Қыдырәлі, Маханов Пәрімбек, Шитібаев Алтынбек, Әуелбеков Мүсілім сияқты көптеген батыр аталарымыз ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Солардың бірі майдангер Омарбек Дүйсенбековтің ерліктеріне куә болған, қарулас досы, Совет Одағының батыры, майдангер-жазушы Мәлік Ғабдуллиннің өзі жазған «Сақтық та батырлық» атты даңқты әңгімесі айқын арқау болады. Омарбек Дүйсенбековтің жеке архивінен алынған, Мәлік Ғабдуллиннен келген хаттардың бірсыпырасы қолымда тұр. «Бауырым!», «Қымбатты!» деп басталатын хаттар адам адамға бауыр, дүниеде бауырдан артық қымбатты



Батыр рухы ұрпаққа мирас

жан жоқ екенін бағамдаудан бастайды. «Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесінде сақтаулы құжаттардың №199 қордың «Ұлы Отан соғысына қатысушылар (1941-1945 ж.ж.)» атты коллекциясында бірнеше Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өмір деректері сақталған.

Дүйсенбеков Омарбек 1923 жылы Созақ ауданы Молотов ауылдық Кеңесіне қарасты «Алмалы» колхозында дүниеге келген. 1928 жылы ата-анасы Түркістан ауданына көшіп барған. 1929 жылы анасы Жарылқапова Қалаш дүниеден өткен соң, Омарбекті 1931 жылы Түркістан ауданына қарасты «Құш ата» деген жердегі жетім балалар үйіне өткізеді. Содан кейін ол Түркістан қаласындағы №4-ші балалар үйіне ауыстырылады. 1935 жылы әкесі Омарбекті алып, Созақ ауданына қайта көшіп келеді.

Соғыс жылдары Дүйсенбеков Омарбек 1942 жылдың маусым айында әскер қатарына алынған. 1942 жылдың қазан айынан комсомол мүшесі, 1944 жылдан партия мүшесі. Смоленск, Калининск, содан соң Балтық жағалауы қалаларын неміс басқыншыларынан тазарту шайқасына қатысқан. 334-дивизияның 918-артполкінда, оның ішінде 1-дивизияның 2-батареясында 76мм зеңбірекке нысанашы (наводчик) болады. 1944 жылы март айында Белоруссияның Сураж деген қалашығында немістердің барлаушы самолетін атып түсіреді. Майданда ол жаудың 127 солдатты, көптеген атыс ыяларын, соғыс құралдарын істен шығарған. 1944 жылы 3 тамызда сол қолынан жараланып, Дзержинский стан-

циясындағы 1819-шы эвако-госпиталда 1944 жылдың желтоқсан айына дейін емделіп, Мәскеу әскери комиссиясының шешімімен соғысуға жарамсыз деп танылып, Горький қаласындағы 242-тұтқындарды күзетіп жүретін жасқа жұмысқа жіберіледі. Содан соң Линда станциясындағы қолға түскен жаралы немістердің госпиталын қарауылдайтын солдаттарды басқаратын гарнизон бастығы, взвод командирі болып қызмет атқарады. 1946 жылдың тамыз айында туған елге оралады. 1947 жылға дейін колхозда жұмыс істеп, 1948 жылы Киров ауданынан жолдама алып милиция қатарына қабылданып, 30 жылдай ішкі істер саласында қызмет істеп, капитан шенінде 1978 жылы 55 жасында еңбек өтілі толған соң зейнеткерлікке шығады. Кейін басқа да мемлекеттік жұмыстар істейді. Омарбектің жары Дүйсенбекова Әсемкүл он екі баланың анасы. Ұлдары мен қыздары бөлек үйлі-жайлы бо-



логия бағытындағы мектеп-лицейінің мәжіліс залында «Мектеп деп соққан жүрекпен, ұстазға тарту тілекпен» тақырыбында өтетін еселі еңбек пен теңеурінді табыс кілтін бейнетпен иемдеріп, Ұлы Отан соғысының және Ішкі істер қызметінің ардагері және зейнетке шыққан ардагер ұстаздарға құрмет көрсетуге арналған жиын өтті. Жиынның мақсаты Еңбек адамдарының өнегелі жолын насихаттау, кейінгі ұрпаққа үлгі ету болатын. Өткен жылы

лып кеткен. Дүйсенбеков Омарбек Созақ ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы болған. Жастарды интернационалдық, патриоттық, Отан сүйгіштік сезімде тәрбиелеу үшін көптеген жұмыстар атқарды. Жауынгерлік «Қызыл ту» ордені, «Қызыл жұлдыз» ордені, «Ұлы Отан соғысының 1-дәрежелі» ордені, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жж. Германияны жеңгені үшін» медальдары, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» медальдарымен, милиция қызметінде алған бірнеше төс белгілерімен, Грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған. Соғыста қаймықпай шайқасқан, бейбіт кезде қайраттылығымен қызмет атқарған, жастарға ақыл-айтып түзу жолға салған ержүрек Омарбек аталарын жас ұрпақ ешқашан ұмытпайды! Созақ ауылында қыркүйек айының он жетінші жұлдызы күні батырдың жүз жылдығына орай ұл-қыздары мен ұрпақтары футболдан «Бір атаның ұрпақтары» арасында аудандық жарыс ұйымдастырылды. Созақ ауылдық полиция бөлімшесінің алдына кеуде мүсіні қойылып, құран бағышталды. Ұйымдастырылған шараға аудан әкімі арнайы қатысып, ізгі тілегін арнап: «Ерлігі мен еңбегі елге үлгі болған Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне деген құрметіміз қашанда шексіз. Осындай игі шаралардың бірі-бұқаралық спортты дамытып, ардагерлеріміздің жүрген жолы мен көрсеткен ерліктерін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде дәріптей түсері сөзсіз,-деп шараның маңыздылығына тоқталып өткен еді. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында аудан орталығындағы Нәзір Төреқұлов атындағы ақпараттық техно-

Тәуелсіздік күні қарсаңында Нәзір Төреқұлов атындағы лицей мектепте Ұлы Отан соғысының және Ішкі істер қызметінің ардагері, полиция майоры Дүйсенбеков Омарбек атындағы №81 «Жас сақшы» дәрісханасы ашылды. Заман-заңғар, сұңқарлар қиясында, Шыңдалады қырандар ұясында. Жалын атқан жампоздар жанып туған, Үңіледі халқының мұрасына,-деп мерекелік құттықтау тілек кезегін ауданымыздың гүлденуі мен өркендеуіне өз үлесі мен еңбегін арнап, туған жерді түлетуге барын салып жүрген Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы мен Түркістан облысы полиция департаментінің тәрбие және кадр жұмысы басқармасы бастығының орынбасары полиция полковнигі Әшімхан Мырзаханов, мектеп-лицей басшысы Айгүл Асқанбекова өздерінің жүрекжарды тілектерін жеткізді. Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған. Дүйсенбеков Омарбек көкеміздің Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары тыныштық күзетінде жүріп пайдаланған қаруы өткен жылдары музейге қойылды. Бұл деген мәңгі бейбіт күн мен ұлы тыныштықтың белгісі болса керек. Әлемде соғыс өрті тұтанбасын! Еліміз тыныш, сәбилеріміздің ұйқысы бұзылмасын. Анасы баласын, баласы анасын іздейтін күн тумасын! Әрқашанда ерліктің символына айналған даңқты тұлғаларымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқада болсын!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерге хат!

Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерге жүректен шыққан шексіз алғысымды білдіремін! Сіздердің ержүректіктеріңіз бен Отанға деген адалдықтарыңыздың арқасында біз бүгін бейбіт аспан астында өмір сүріп, болашағымызға үмітпен қараймыз. Соғыс жылдарындағы қиындықтарға мойымай, батырлықпен елді қорғап, ерлік көрсеткендеріңіз—Тәуелсіз еліміздің тарихындағы ең

асыл мұра. Біз кейін туылсақта, бір ғана майдангерді көру бақыты бұйырды. Оған шексіз қуаныштымыз. Ал өмірден өткен аталарымыздың жатқан жері жұмақ болсын!

Сіздердің ерліктеріңіз, жанқиярлықпен көрсеткен қайсарлықтарыңыз, туған еліңізге деген адалдықтарыңыз—бүгінгі азат Қазақстанның бейбіт те бақытты ұрпақтың берік іргетасы болды. Қан майданның қақ ортасында

жүріп, жастық шақтарыңызды ұрыс даласына арнаған сіздердің батырлықтарыңыз—ұмытылмас ерлік шежіресі. Туған жерді қорғау жолында жанын аямай, жеңіс үшін өмірін қиған аға-апаларымыздың рухына бас иеміз.

Бүгін біз көк туымызды көкке көтеріп, бейбіт аспан астында өмір сүріп отырсақ, олең алдымен Сіздердің сол соғыстағы жанкешті еңбектеріңіздің, төгілген тер мен

қанды күрестің нәтижесі. Сіздер тек майданда ғана емес, тылда да ел үшін еңбек еттіңіздер, қиыншылыққа қайыспай, болашақ ұрпақтың жарқын күндері үшін жан аямай тер төктіңіздер. Сіздердің өмір жолдарыңыз—бүгінгі және келер ұрпақ үшін үлгі-өнеге, патриотизм мен отансүйгіштіктің жарқын көрінісі. Сіздердің ерліктеріңізге қарап елді, жерді сүюді, Отан алдындағы борышты адал өте-

уді үйренудеміз. Біз сіздерге мәңгі қарыздармыз. Әрдайым сіздерді мақтан тұтамыз, құрметтейміз және қадірлейміз. Сіздердің есімдеріңіз де, ерлік істеріңіз де тарих бетінде алтын әріппен жазылып, халық жадында мәңгі сақталады.

Бүгінгі тыныш өміріміз—Сіздердің қажырлы күрестеріңіздің жемісі. Сол үшін әрқашан ризамыз!

Әмина МҰХАНБЕТҚАЛИ,
Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін
мектептің 4 сынып
оқушысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығы, ақпарат агенттігі және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.